5.6. Шарттың 5.5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдау кезінде кемшіліктердің анықталуына байланысты (Шарттың 5.5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендей), сондай-ақ олардың кейіннен ҚР Азаматтық кодексіне көзделген мерзімдер ішінде (кепілдік және (немесе) өзге мерзім) анықталуына байланысты қоя алады.

5.7. Егер заңнамада көзделген жағдайларда тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісуін (аттестаттауын, рұқсатын, тіркеуін, рұқсатын) алмай орындалған жұмыстардың нәтижелерін пайдалануға жол берілмесе, Мердігер Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекітуді/келісуді алу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті болады.

5.8. Мердігердің осы Шарт бойынша (құзыретті органдардан және (немесе) ұйымдардан) қажетті бекітуді/келісуді алуы мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші мұндай бекітуді/келісуді орындау үшін мердігерді алдын ала хабардар ете отырып, үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға құқылы (шарттың мәні жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылатын жағдайларды қоспағанда).

6. Кепілдіктер және Сапа


6.1. Мердігер жұмыстарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған жұмыстардың Тапсырыс беруші жұмыстарды қалыпты пайдаланған кезде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындалған жұмыстардың сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы жұмыстардың көрсетілген түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік стандарттарға/талаптарға сәйкес келуі тиіс.

6.3. Заңнамада немесе шартта (Шартқа №2 қосымшада) мердігердің Тапсырыс берушіге жұмыс сапасына кепілдік беруі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сапа кепілдіктері жұмыс нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.





7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеді белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, егер тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері болып табылатын «Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған орта саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар, талаптарды бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері» Шарт қосымшасында көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлеуге міндетті;

7.2.4. Сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес монтаждауға, салынып жатырған объектіні жарактандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға арналған тауарларды тауар өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша Жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алу міндеттемелері орындалмаған жағдайда, Мердігер осы міндеттемесін орындамағаны үшін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшеріндегі айыппұл түрінде жауап береді, бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды тапсырып-қабылдауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.5. Мердігер анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін шарт талаптарына сәйкес бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 15% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.6. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімі бұзылған Жұмыстар құнының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлеуге міндетті;


7.2.7. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша айыппұл төлеуге міндетті (жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алу жағдайларынан басқа): 1) мердігердің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде, оның ішінде көрсетілген қосымшада белгіленген Шарт талаптарын орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін «Мердігерлік ұйымдарға қауіпсіздік, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар, бұзушылық үшін айыппұлдардың мөлшері» қосымшасында қарастырылған мөлшерде, 2) шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде: (i) Шартқа қосымша болып табылатын "Қаражанбасмұнай" АҚ объектілерінде немесе "Қаражанбасмұнай" АҚ үшін өз қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен "Қаражанбасмұнай" АҚ-ның өзара іс-қимыл жасау қағидаларының " 2 және 3-бөлімдері бұзылған жағдайларда; сондай-ақ (ii) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына жатпайтын өзге де бұзушылық жағдайларында. Бұған қоса Мердігер көрсетілген айыппұлдардан бөлек, Тапсырыс берушінің шеккен залалын өтеуге міндетті.

7.2.8. Шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған жалақыны және шығындарды ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстардың қабылданғанын - тапсырылғанын растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қала алады.

7.2.9. ҰҚП келісімімен сатып алу жөніндегі Қор Операторы бекіткен, орындалуы кезінде тауарларды тауар өндірушілерден және сатып алынатын тауар бойынша Жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алуға тиісті жұмыстар Тізбесіне енгізілген жұмыстарды орындауға қажетті тауарларды сатып алу бойынша міндеттемелері орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшеріндегі айыппұл түрінде жауап береді, бұл айыппұлды Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды тапсырып-қабылдауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.10. Жобалауалды және (немесе) жобалау (жобалау – сметалық) құжаттарында тауарлар, жұмыстар, қызметтер индустриалдық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік органмен жасакталған деректер базасына енгізілген құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен құрылғылар және олардың жеткізушілері (болған жағдайда) дәлелсіз көрсетілмеген жағдайда, Мердігер сатып алулар туралы шарттың жалпы сомасының 10%-нан кем емес мөлшерде айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылады, оны жұмысты орындаған Мердігер төлеуі тиіс немесе ақырғы орындалған жұмыстар актісіне тараптардың қолдары қойылғанға дейін Тапсырысшы ұстап қалады;

7.2.11. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осы Шартқа сай міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) Мердігер орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай





үшін, орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге (Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайларды қоспағанда) міндетті.

7.2.12. Мердігер және оның қосалқы Мердігерлері Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.3. Мердігер Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Мердігер міндеттемелерді тиісінше орындамаған және/немесе орындамаған және/немесе оның осы Шарт бойынша кепілдіктерді бұзған жағдайда тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды төлеу және залалдарды өтеу мердігерді міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлем кешіктірілген жағдайда (оның ішінде аванстық төлемдер де), Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 0,1%-ы көлемінде әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін өсімақы төлеуі тиіс, оның көлемі Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

7.5.2. Тапсырыс беруші құжаттарды беру мерзімін өткізіп алған жағдайда (егер Шарт талаптарында Мердігерге жұмыстарды орындау үшін құжаттарды Тапсырыс берушінің ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.5.3. Тапсырыс беруші жасалған жұмыстар актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын мөлшерде өсімақы төлейді.

7.5.4. Мердігер ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10% - нан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.5.5. Тапсырысшы тарапынан Жұмыстарды қабылдау себепсіз кешіктірілген жағдайда, Мердігер Тапсырысшыдан әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуін талап етуге құқылы, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.7. Тұрақсыздық айыбын есептеу орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күн бойынша жүргізіледі.


7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Мердігер Тапсырыс берушінің мердігерге осы Шарттың заңнамасына немесе талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші талап ететін ақы төлеу (берешекті, тұрақсыздық айыбын және/немесе айыппұлды, залалдарды, өзге де шығыстарды төлеу) үшін төлем талабы жұмыстарға ақы төлеу және берешекті, тұрақсыздық айыбын және/немесе айыппұлды, залалдарды, шығыстарды төлеу жөніндегі біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.10. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша ақы төлеуді жүзеге асырған және осы Шарт бойынша Орындаушы міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шарт тоқтатылған жағдайда (оның ішінде оны бұзу жолымен), Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асыруға күнтізбелік 10 (он) күн бұрын (шығыстары жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған), талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың әрбір мерзімі өткен күні үшін 0,1%-ы көлемінде өсімақы төлеуге міндетті, бірақ өсімақы көлемі Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

7.11. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар мердігер орындаған жұмыстарға кінә қойып, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынатын немесе залалдардың қандай да бір сомасы өндіріп алынатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) мен залалдың сомасын дереу өтеуге тиіс.

7.12. Мердігер Тапсырыс берушіге, оның мердігерлеріне және (немесе) ол тартқан тұлғаларға, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалардың мүлкіне мердігердің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың қызметкерлерінің немесе олар тартқан тұлғалардың қандай да бір іс-әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде не Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттық қатынастардан





туындайтын барлық залалдарды ерікті түрде өтеуге келіседі.

7.13. Мердігер сондай-ақ мердігердің, оның қосалқы мердігерлерінің, олардың жұмыскерлерінің және (немесе) олар тартқан тұлғалардың кез келген негіздер бойынша қандай да бір іс-әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері, сот талқылаулары бойынша Тапсырыс берушіден өндіріп алынған барлық ақшалай соманы өтеуге келіседі.

7.14. Тапсырыс берушінің мердігерге шығындарды өтеу жөніндегі кез келген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған мүліктегі нақты залалды ғана өндіріп алумен шектеледі.

7.15. Тараптар үшін тұрақсыздық айыбы мен айыппұлдың жалпы мөлшері жиынтығында шарт бойынша жұмыстардың жалпы құнының 20% - ынан аспауға тиіс.

7.16. Пайдасына тұрақсыздық ақысы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық ақысынан (өсімақыдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

8.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

8.4. Шарттың 8.3-тармағын ескере отырып, Тапсырыс беруші бұл туралы мердігерді болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен Шартты орындаудан толық не ішінара бас тартуға құқылы. Мердігер мен оның қосалқы мердігерлері Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда (мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалды толық өтей отырып), сондай-ақ "Қаражанбасмұнай" АҚ-ның өз қызметін "Қаражанбасмұнай" АҚ объектілерінде жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау қағидаларының" 2 және 3-бөлімдері бұзылған жағдайларда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

8.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіпте көзделген өзге жағдайларда да Тараптардың келісуімен бұзылуы мүмкін.


8.6. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.7. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.8. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделген, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды деп есептеледі.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.





9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электронды поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің почтаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

9.6. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банк деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт оған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Шарт бойынша Тараптармен өз міндеттемелері толықтай орындалғанға дейін әрекет етеді.

10.1.1. Шарттың өзге де талаптарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органының мәмілені жасасу немесе бекіту туралы шешім қабылдауы талап етілсе, Шарт осындай шешім қабылданғаннан кейін күшіне енеді. Егер Тараптардың уәкілетті органдарының мұндай шешім қабылдауы талап етілген жағдайда, шарт шешімнің соңғы күндерінің бірінде күшіне енеді.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген талаптарға қарамастан, егер Мердігер өзара есеп айырысу бөлігінде Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, шарт Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін "еңсерілмейтін күш мән-жайы" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ бұлармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде форс-мажордың болжамды әрекет ету мерзімі туралы жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

11.3. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер Тараптардың бірі міндеттемелерді орындауы мыналарға байланысты мүмкін болмаса: 1) өрт, жарылыс, су тасқыны, жер сілкінісі, найзағай, дауыл, әскери іс - қимылдар, террористік актілерді қамтитын (шектелмей) еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары. 2) Қаражанбас кен орнының кез келген объектілеріндегі аварияларға, ереуілдерге, наразылық акцияларына, құзыретті мемлекеттік органдардың тыйым салу сипатындағы шараларды және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа да мән-жайлар. 3) ереуілдермен, наразылық акцияларымен, локауттармен, өзге де еңбек жанжалдарымен не мемлекеттік билік органының немесе "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының компаниялар тобына кіретін ұйымдардың тыйым салу сипатындағы шешімдерді немесе шараларды және Тараптардың қисынды бақылауынан тыс, шартты орындаудың мүмкін болмауына әкеп соққан басқа да мән-жайларды қабылдауы.


11.4. Шарттың 11.1 және 11.3-тармақтарында көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайлары және/немесе өзге де мән-жайлар туындаған кезде міндеттемелерді орындау осы мән-жайлардың қолданылу уақытына сай шегеріледі.

11.5. Тапсырыс беруші мен Жеткізуші елдерінің тиісті Сауда-өнеркәсіп палаталары немесе осындай мән-жайлар туындайтын елдегі басқа да уәкілетті органдар берген сертификаттар жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың және олардың ұзақтығының жеткілікті дәлелі болып табылады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.





12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманы бұзатын не бұзуға ықпал ететін, және осылармен ғана шектелмейтін әрекеттерді жасаудан, жасауға итермелеуден қалыс қалу;

13.8.1. шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген басқа көріністеріне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға не әрекеттерге жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың кез келген фактілерінің жолын кесу, және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы анық ақпарат болған кезде осындай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдасын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы анық ақпарат алған жағдайда, осындай құқық бұзушылықты болғызбау және тоқтату жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдау;



13.8.2. Тапсырыс берушіге экономикалық залалдың алдын алу бойынша барлық мүмкіндіктерді шарттық міндеттемелерді орындау кезінде пайдалану, мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша шаралар қабылдау, ал мұндай жағдай туындаған кезде - ҚР Заңнамасына және Шартқа сәйкес оны болдырмау және реттеу бойынша шаралар қабылдау.

13.9. Тапсырыс беруші осы бөлімнің және/немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының кез келген бұзылуын заңнамада көзделген жауаптылықтан басқа, белгіленген тәртіппен шарттық қатынастарды бұзуға дейін айыппұл санкцияларын салуға әкеп соғуы мүмкін елеулі бұзушылық ретінде қарайды.

13.10. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар мердігерге және мердігердің өкілдеріне сенімхат немесе шарт бойынша, олардың басқару органдарының мүшелеріне және қызметкерлерге, консультанттарға және Орындаушының тапсырмасы бойынша немесе атынан әрекет ететін өзге үшінші тұлғаларға қолданылады.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың





екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Тапсырыс беруші қандай да бір ақпаратты немесе құжаттарды беруден бас тартуға құқылы. Тараптар мұндай ақпараттың құпиялылығын олардың персоналы, өкілдері, агенттері сақтауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауға тиіс. Жеткізуші құпия ақпаратты оның персоналының, өкілдерінің немесе контрагенттерінің жария еткені үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тараптар құпия ақпаратты жария етпеу туралы тиісті келісімге қол қоюға тиіс.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші: (а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (с) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Мердігер екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (б) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (с) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы





санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуы қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны теңге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша тараптар келіскен басқа елдің балама ұлттық банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

15.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс. Әр түрлі оқылған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басым күшке ие болады.

15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.


15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

15.13. Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара үшінші тарапқа беруге құқығы бар. Мердігер өзінің құқықтары мен міндеттерін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен ғана үшінші тарапқа толық немесе ішінара беруге құқылы.

15.14. Өнім беруші жіберген, екі тарап қол қойған және Тараптардың мөрімен бекітілген Шарттың сканерленген көшірмесі, егер шартта алдын ала төлем көзделген болса, алдын ала төлемді жүзеге асыру үшін негіздеме болып табылады.

15.15. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар: 1) №1 қосымша – "Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі"; 2) №2 қосымша - "Техникалық ерекшелік"; 3) №3 қосымша – "Елішілік құндылық үлесін нақты есептеу нысаны". 4) № 5 қосымша – "Орындалған жұмыстар актісінің нысаны"; 5) №5 қосымша "Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі". 6) №6 қосымша - «Мердігерлік ұйымдарға қауіпсіздік, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар, бұзушылық үшін айыппұлдардың мөлшері»; 7) №7 қосымша - "Қаражанбасмұнай" АҚ объектілерінде немесе "Қаражанбасмұнай" АҚ үшін өз қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидалары". Осы Шарттың мәтіні мен оған қосымшалардың арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда, осы Шарттың ережелері басым күшке ие болады.

16. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері





Құжат «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»


АҚ "Қаражанбасмұнай"
Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., 9А шағын аудан, 4 үй, 0
БСН 950540000524
БСК АТҮНКЗКА
ЖСК KZ239491100000355089
«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
Тел.: +7 (729) 247-3222

БСН _____
БСК _____
ЖСК _____

Тел.: _____




Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасымалдағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚКС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
129 Р	Инженерлік-геодезиялық жұмыстар, Топогеодезиялық/геологиялық іздеулер	"Қаражанбас кен орнындағы №1252 ұңғыма ауданындағы қолданыстағы су құбырынан МДАЦ (мұнайды дайындау және айдау цехы) дейін тұшыландырылған су құбырының құрылысы" жұмыс жобасына инженерлік- геологиялық ізденістерді орындау жұмыстары.	1.000	1.000	-		1 078 717.36	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, месторождение Каражанбас	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2025 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%





Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.





Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №


Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (= $\sum 7(\text{кесте 1})/5*100\%$)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке работ № _____

г. _____

«__» _____ 2025 г.

Акционерное общество "Каражанбасмунай", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. Проекты договоров о закупках предпроектных, проектных работ должны содержать требования об указании поставщиком в предпроектной и (или) проектной (проектно-сметной) документации строительных материалов, оборудования, изделий и конструкций, включенных в базу данных товаров, работ, услуг и их поставщиков (при наличии), формируемую уполномоченным государственным органом в области государственной поддержки индустриально-инновационной деятельности.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы согласно Приложению №1 (далее - Работа), являющемуся неотъемлемой частью Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить за выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет _____ (_____) и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

